

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ сапа менеджментінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін растады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне екінші бақылау аудитінен сәтті өтіп, бұрын берілген сапа менеджменті жүйесінің сертификатын растады. Бақылау аудиті барысында Қордың он бөлімшесінің, сондай-ақ, Алматы қаласындағы филиалдың қызметі тексерілді. Сәйкестікті растау Қор салымшылары мен алушыларының үміттері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, Қор процестерін тиімді басқару және зейнетақы қызметтерінің сапасын үнемі жетілдіруге негізделген клиентке бағдарланған сапа менеджменті жүйесін қолдайтынын куәландырады.

Қор менеджмент жүйесін үнемі жетілдіріп отыратынын, дамуын жалғастырып, өз салымшыларының мүддесі үшін жұмыс істейтінін тағы да растады.

Аудитті "TUV Thuringen" сертификаттау жөніндегі неміс органы жүргізді, ол Қор басшылығының сапа менеджменті жүйесін жұмысқа қабілетті күйде ұстауға деген ұмтылысы мен БЖЗҚ-ның үйлесімді және кәсіби ұжымын ерекше бағалады.

Аудит барысында БЖЗҚ-ның сапа менеджменті жүйесі қызметінің оң аспектілерінің арасында салымшылардың барлық санаттарын ескере отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кең диапазонын қолданудың дұрыс және үнемі дамып келе жатқан жүйесі атап өтілді. IT-технологиялар тәуекелдерді басқару саласында да, мәселен, тәуекелді оқиғалар жөніндегі электрондық журнал және проблемалық аймақтар картасының тетіктері арқылы қолданылады. Аудиторлар Қордың инфрақұрылымды жақсартуға ұмтылысын, сондай-ақ, салымшылар мен алушыларға қызмет көрсету кезінде филиал бөлімшелері қызметкерлерінің сауаттылығын ерекше атап өтті.

БЖЗҚ-да қашықтықтан оқыту жүйесінің болуы мамандардың біліктілігін және тиісінше қызмет көрсету сапасын үнемі арттырып отыруға мүмкіндік береді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).